

	«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» мекемесі	Сапа менеджменті жүйесі	
		Сапа саласындағы саясат	Өзгерістер № _____ Күні _____ Дана _____



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ҚҰЖАТТАЛҒАН РӘСІМ

САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Екібастұз

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

Алғы сөз

1 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен **ӘЗІРЛЕНГЕН**

2 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен **ЕНГІЗІЛГЕН**

3 ӘЗІРЛЕУШІ:

Т.В.Диба – сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесінің басқару қызметінің басшысы

4 Институт Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы «29» қаңтардағы № 6 шешімі негізінде ректор **БЕКІТКЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗГЕН**

5 САРАПШЫЛАР:

- 1) Д.К.Имангазинова – оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;
- 2) К.Б.Асылова – инженерлік-экономикалық факультетінің деканы;
- 3) Л.В.Кульбидюк – «Оқу бөлімінің» бастығы.

Осы Құжатталған рәсім «Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

© Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз
инженерлік-техникалық институты, 2025

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Терминдер. Анықтамалар	4
4 Қысқартулар	5
5 Жалпы ережелер	5
6 Сапа саласындағы саясаттың мақсаты мен міндеттері	6
7 Сапа саласындағы саясаттың құрылымы мен мазмұны	7
Құжатқа өзгерістер, толықтырулар мен тексерулерді тіркеу парағы	13

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

1 Қолдану саласы

1 Осы құжатталған рәсім білім беру қызметтерінің сапасын тұрақты жақсартуға, оның нәтижелілігін, тиімділігін арттыруға, «Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» мекемесінде (бұдан әрі - Институт) тұтынушылардың және басқа да мүдделі тараптардың қанағаттанушылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы құжатталған рәсімде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (бұдан әрі – ЖЖОКБМС) бекіту туралы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы;

- Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар;

- Еуропалық аударым және **сынақ бірліктерін жинақтау** жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 397 бұйрығы. «Қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

3 Терминдер. Анықтамалар

Үздіксіз жетілдіру – талаптарды орындау қабілетін арттыру бойынша қайталанатын әрекет.

Сапа саласындағы саясат - жоғары басшылық ресми түрде тұжырымдаған ұйымның сапа саласындағы қызметінің жалпы ниеті мен бағыты.

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

Сапаны жақсарту - сапа менеджментінің сапа талаптарын орындау қабілетін арттыруға бағытталған бөлігі.

Сапа саласындағы мақсаттар – бұл сапа саласында қол жеткізілетін немесе ұмтылатын нәрсе.

Тиімділік - қол жеткізілген нәтиже мен пайдаланылған ресурстар арасындағы байланыс.

4 Қысқартулар

ОТ - Офис-тіркеуші;

ПОҚ - профессорлық-оқытушылық құрам;

СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

БББ - білім беру бағдарламасы.

5 Жалпы ережелер

5.1 Институт қазіргі заманғы материалдық және оқу-зертханалық және әдістемелік базаға, қалыптасқан және дамып келе жатқан жоғары білікті кадрларға ие бола отырып, студенттер мен қызметкерлердің жеке басын жан-жақты дамыту қажеттілігін басшылыққа алады, барлық мүмкіндіктерге ие және Екібастұз отын-энергетикалық өңірі мен Қазақстан Республикасының Білім беру кеңістігінде техника және технологиялар саласында білім беру қызметтерінің кешенін ұсыну бойынша әлемдік нарыққа көшбасшы болуға ұмтылады.

5.2 Институттың саясаты тұтынушыларды заңнамалық және нормативтік талаптармен, жұмыс берушімен ұзақ мерзімді қарым-қатынас кезінде нарық конъюнктурасымен айқындалатын деңгейде білім беру қызметтерімен *тұрақты қамтамасыз етуге* бағытталған.

5.3 Институт өз күшін білім беру қызметтерін тұтынушылардың ағымдағы және болжамды талаптарына жауап беретін білім беру, ғылым, заманауи ақпараттық технологиялар интеграциясы негізінде білім беру қызметтерінің сапасын тұрақты жақсартуға бағыттайды.

5.4 Институт басшылығы білім беру жүйесін *үздіксіз жетілдірудің* мақсаттарының, бағыттары мен әдістерінің *бірлігіне* қол жеткізеді, қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасайды, тиісті ресурстарды ұсынады, жауапкершілік шеңберінде қызметкерлерге өкілеттіктер береді, нақты деректерді шынайы және сыналған әдістермен объективті талдау негізінде өз шешімдерін қабылдайды.

5.5 Институт оқытушылары білім беру қызметтерінің сапасы саласындағы институт қызметінің құзыретті және толыққанды қатысушылары бола отырып, инновациялық технологиялар негізінде *білім деңгейін тиімді арттыра отырып*, өз қызметін бастамашыл және жауапкершілікпен жоспарлайды және жүзеге асырады.

5.6 Институт ең аз шығындармен тиісті білім беру қызметтері *нарығын жаулап алудың стратегиялық мақсаттарына* қол жеткізу үшін үздіксіз қызмет

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

жүйесінің және білім беру қызметтерінің сапасын жетілдіруге бағдарламалық-нысаналы тәсілдің басымдылығын түсіне отырып, институттың интеграцияланған менеджментінің ажырамас бөлігі ретінде үнемі жетілдіріліп отыратын жүйені құрады.

5.7 Институт өз қызметін білім ретінде барлық мүдделі тараптардың (студенттердің, жұмыс берушілердің, қызметкерлердің, жалпы қоғамның) талаптарын зерттеу, талдау және болжау негізінде негіздейді, жаңа басқару технологияларын қолдану, әдістемелік, материалдық-техникалық, ақпараттық қамтамасыз етуді талдау және оны оңтайландыру бағдарламаларын әзірлеу негізінде білім беру процесін ұйымдастыруды үнемі жетілдіру қажеттілігін, сондай-ақ ПОҚ мен студенттердің өзекті зерттеулерін ынталандыру ескереді.

6 Сапа саласындағы саясаттың мақсаты мен міндеттері

6.1 Миссия мен стратегиялық мақсатты орындау үшін Институт өз тұтынушыларын заманауи талаптармен белгіленген деңгейде қызметтермен қамтамасыз етуге бағытталған және мынадай мақсаттары бар жетілдіру мен дамытудың кешенді және нысаналы бағдарламаларында іске асырылған білім беру сапасы саласындағы саясат пен мақсаттарды мәлімдейді:

✓ Жаңа буынның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, мамандарды даярлаудың көп деңгейлі көп сатылы жүйесі жағдайында Институттың өз қызметі саласындағы білім беру және ғылыми-техникалық қызметтер нарығындағы позицияларын нығайту;

✓ Білім беру және ғылыми (ғылыми-зерттеу) қызметке мүдделі барлық тараптармен өзара тиімді серіктестік байланыстар орнату, олардың қажеттіліктерін зерттеу және болжау, білім беру процесінде осы қажеттіліктерді іске асыру;

✓ Өз құзыреті шегінде білім сапасы үшін әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі мен ішкі уәждемесін қалыптастыру, әрбір қызметкердің өз міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін нақты түсінуін қамтамасыз ету;

✓ Ғылыми-педагогикалық құрамды, қызметкерлер мен білім алушыларды олардың құзыреттілігін үздіксіз арттыру, ынтасын арттыру, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту, шығармашылық атмосфераны құру арқылы білім беру сапасын жақсарту жөніндегі қызметке белсенді тарту;

✓ Жаңа білім беру және ақпараттық технологияларды, ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін енгізу негізінде білім алушылардың пікірін және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру қызметін үздіксіз жетілдіру;

✓ Ғылыми-педагогикалық кадрларды олардың кәсіби қызметінің қажеттіліктеріне сәйкес даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің тиімділігін дамыту және арттыру;

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

- ✓ Білім беру қызметін оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, персонал мен білім алушылардың жұмыс және оқу жағдайларын тұрақты дамыту және жақсарту;
- ✓ Кәсіби жауапкершілігі, дербестігі, азаматтық өзін-өзі тануы, жоғары адамгершілік құндылықтары бар білім алушының әлеуметтік белсенді және шығармашылық тұлғасын қалыптастыру мақсатында білім беру қызметі мен тәрбие процесін жетілдіру;
- ✓ Академиялық алдауға жол бермей, академиялық бедел мен еркіндікті қамтамасыз ету;
- ✓ Студенттерге немесе қызметкерлерге төзбеушілік пен кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермеу;
- ✓ Сыртқы мүдделі тараптар өкілдерінің сапаны қамтамасыз етуге қатысуы.

7 Сапа саласындағы саясаттың құрылымы мен мазмұны

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығының 34 тармағына сәйкес ЖОО Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) және Еуропалық аударым және сынақ бірліктерін жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі нұсқаулығында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін құрады және оның сақталуын қамтамасыз етеді, оған мыналар кіреді:

№	Бағыт	Мазмұны
1	Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат	Бұл құжат
2	Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негізгі реттеуші құжаттар: - «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заң; - ҚР ҰҚМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты; - «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы; - ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №152 бұйрығы. Институтта білім беру мазмұнын жоспарлау, кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілі қағидалары әзірленді, олар оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылу тәртібінің сақталуын айқындайды. Нормативтік құжаттар мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасын әзірлеу әдістемесін анықтайды.

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

3	Студенттерге бағытталған оқыту, сабақ беру және бағалау	Студенттік бағытталған оқытуды, сабақ беруді және бағалауды жүзеге асыру: - балдық-рейтингтік әріптік жүйемен білім алушылардың білімін бағалаудың объективтілігі; - білім беру ресурстарын бақылау және басқару жүйелері; - әрбір студенттің/институт бойынша/білім беру бағдарламалары, курстар қимасында үлгерімінің көрнекі динамикасын ұсыну мүмкіндіктері; - тест технологияларын қолдану жоғары жеделдікті, объективтіліктің жеткілікті дәрежесін жүзеге асыруға, емтихан тапсырушылардың дайындық деңгейіне объективті баға алуға мүмкіндік береді, оқытушының субъективтілігін жоққа шығарады; - студенттердің ғылыми конференциялар мен олимпиадаларға қатысуы; - студенттердің халықаралық және республикалық спорттық жарыстарға қатысуы; - студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысуы; - сессияларды тапсыру нәтижелері бойынша студенттердің тұрақты үлгерімі. Сондай-ақ, мамандықтың барлық курстарының студенттері білім беру бағдарламасын игеру мақсатында әр білім алушының жеке білім беру траекториясын анықтайтын жеке оқу жоспарын қалыптастырады. Студенттің жеке оқу жоспарын әр оқу жылына студент эдвайзердің көмегімен білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде дербес қалыптастырады. Кафедра ұсынған элективті пәндердің саны балама пәндердің жеткілікті санын таңдауға мүмкіндік береді.
4	Білім алушыларды қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау	1) Студенттерді қабылдау рәсімдері мен критерийлері академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ-де оқуға қабылдау қағидаларында көрсетілген. 2) Студенттердің үлгерімін бағалау критерийлері білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу қағидаларында регламенттелген. 3) Тану және сертификаттау рәсімдері мыналарға негізделеді: 1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің аккредиттеу органдарының Ұлттық тізіліміне (ҚР БҒМ 24.06.2012 ж. № 304 бұйрығы) кіретін Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің талаптарына сәйкес білім беру бағдарламалары мен даярлау бағыттары бойынша танудың институционалдық және мамандандырылған тәжірибесіне сәйкес жүзеге асырылады.
5	Оқытушылар құрамы	✓ Кадр саясаты персоналды басқару стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. ✓ Институттың ПОҚ профессорлық-оқытушылық құрам лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жұмысқа қабылданады;

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

		✓ ПОҚ-ның мәртебесі, кәсіби және жеке қасиеттері, міндеттері, көтермелеу және тәртіптік ықпал ету құқықтары мен шаралары тиісті лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарымен және Профессор-оқытушылар құрамы туралы ережемен айқындалады. ✓ Институттың ПОҚ оқытылатын пәндер бейіні бойынша ПОҚ біліктілігін арттыру туралы ережеге сәйкес кәсіби деңгейін арттырумен үнемі айналысады; ✓ Институтта оқыту сапасын қамтамасыз ету шарттарының бірі оқытушының жүктемесінің көлемі болып табылады. ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау орташа жылдық педагогикалық жүктемені есептеу жөніндегі ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
6	Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі	Студенттерді қолдауға арналған сервис қызметтері оқу процесінің сапасын жоспарлауды, ұйымдастыруды, мониторингті және бақылауды қамтамасыз етеді. Институтта эдвайзер қызметі мен Тіркеу кеңсесі құрылды және жұмыс істейді. ТК студенттер қозғалысының есебін жүргізеді (академиялық демалыс, аударымдар, оқудан шығару, қалпына келтіру), студенттерді пәндерді оқуға жазуды ұйымдастырады, студенттердің үлгерім рейтингін есептейді; студенттерге олардың талабы бойынша транскрипт береді. ТК қызметкерлері мен эдвайзерлер ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық жұмыстар жүргізеді. Эдвайзер білім алушыны ЖОО-ның академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, мемлекеттік Білім беру стандартының мазмұнымен, жұмыс оқу жоспарымен, элективті пәндер каталогымен, білім берудің кредиттік жүйесінің технологиясымен, диплом алуға қойылатын талаптармен, таңдалған білім беру бағдарламасының мүмкіндіктерімен таныстырады, жеке оқу жоспарларының толтырылуына басшылық жасайды. ✓ Институт академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алушылардың қатысуына мүмкіндік береді.
7	Ақпаратты басқару	Институттың өзінің ресми сайты бар (https://eiti.edu.kz/). - білім беру процесінің барлық қатысушыларына институт және оның электрондық ресурстары туралы анықтамалық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді; - форум арқылы студенттердің бір-бірімен, оқытушылармен, ата-аналармен және т.б. қарым-қатынасының әртүрлі нысандарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді; - порталда үлгерімнің электрондық журналы жұмыс істейді, оған студенттерге, оқытушылар мен ата-аналарға қолжетімділік беріледі. ✓ Институтта келесі ақпараттық ресурстар қолданылады: ✓ Кредиттік оқыту жүйесінің процестерін кешенді автоматтандыруға мүмкіндік беретін «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі. Жүйе ЖОО-ның

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

		барлық нақты оқиғалары мен процестерін көрсететін орталықтандырылған мәліметтер базасына ие. ✓ Файлды енгізу-шығару операцияларын орындауға арналған және кез-келген файл түрін сақтайтын FILESERVER файлдық сервері деректерді жазудың және оқудың жылдамдығының жоғарылауын қамтамасыз ету үшін дискілік кеңістіктің үлкен көлеміне ие. ✓ «OES» ЖШС-нің прокторинг және вебинарларды қолдауымен «Online Education System» порталы (https://oes.kz). Техникалық сипаттамалары: 2000 Гбт кеңістік, 1000 адамға дейінгі вебинар (100 мбт/с кепілді арна ені), деректер орталығында орналастырылған, сақтық көшірмелер, чаттар, файлдарды бөлісу, тапсырмалар, тестілеу, мобильді платформаларды қолдау 100%. ✓ Институт пен компьютердің барлық корпустары Проксисервердің көмегімен жергілікті желіге қосылған. Институттың барлық қолжетімді есептеу және ақпараттық ресурстары оқу процестері мен бағдарламалық құралдарды автоматтандырудың желілік бағдарламалық құралдары орналастырылған және жұмыс істейтін жабдыққа ақпаратқа регламенттелген қолжетімділікпен желіге біріктірілген. ✓ Институттың электронды кітапханасы (https://kitaphana.eiti.kz/). Институт республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхананың (РЖОЭК) қатысушысы болып табылады (http://rmebrk.kz/, http://kazneb.kz, http://kazrena.kz/) республиканың жоғары оқу орындарының электрондық білім беру ресурстарын бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру мақсатында құрылған.
8	Жұртшылықты ақпараттандыру	✓ Институт сайты https://eiti.edu.kz/ институттың білім беру қызметтері нарығын кеңейту, білім алушыларды, қызметкерлерді, талапкерлерді, іскер серіктестерді және басқа да мүдделі пайдаланушыларды институт қызметінің әртүрлі аспектілерімен жедел таныстыру, институттың мақсатты аудиториямен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында институт туралы ақпаратты интернет желісінде ресми ұсынуды қамтамасыз етеді. ✓ Институттың веб-сайтында оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің сипаттамасы бар, басшылар, декандар және кафедра меңгерушілері туралы ақпарат берілген. Деканмен байланысу үшін студенттер, олардың ата-аналары, сондай-ақ жұмыс берушілер және кез келген басқа пайдаланушы сайтта ұсынылған байланыс ақпаратын пайдалана алады. Сондай-ақ, мұндай ақпарат «Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ бойынша бірінші курс студентінің нұсқаулығында» қамтылған. Әдетте, декан өтініш беруші субъектілермен Е-mail немесе ұялы байланыс арқылы кері байланыс жасайды. ✓ Сонымен қатар, кері байланыс сайттағы Институт Ректорының блогы арқылы, «Сұрақ-жауап» жүйесі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

		Институттың білім беру бағдарламалары туралы ақпараттың және оның қызметі, сондай-ақ оның әлеуметтік-қоғамдық өмірі туралы кез келген қызықтыратын ақпараттың қолжетімділігін арттыру мақсатында Институттың әлеуметтік желілерде ресми парақшалары болады: - Facebook академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ (https://www.facebook.com/eitiekb/); - ВКонтакте академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ (https://vk.com/id780775293); - Instagram ЕИТИ ім. академик Қ. Сәтбаев (https://www.instagram.com/eiti_ekb/); - You Tube академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ (https://www.youtube.com/@eiti7044); - Жастар комит жөніндегі Комитет академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ (https://www.instagram.com/kdm_eiti/). Әлеуметтік медиа модераторлары сұрақтар туғызады, қызығушылық тудыратын сұрақтарға жауап жазатын құзыретті бөлімшелерге жібереді, ал әкімші жауаптарды мүдделі тұлғаларға жібереді.
9	Бағдарламаларды тұрақты бақылау және мерзімді бағалау	Институтты дамытудың Стратегиялық жоспары негізінде ББ мақсаттары мен олардың нәтижелерін іске асыруды бағалау жүзеге асырылады. ББ шеңберінде оқу іс-шараларының мазмұны мен нысанын оңтайландыру тұрақты негізде жүргізіледі. Бағалау келесі деректерді жинау және статистикалық өңдеу арқылы жүзеге асырылады: - ББ шеңберінде кадр әлеуеті; - осы ББ бойынша оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және оқу-ғылыми әдебиеттерді жаңарту бойынша жұмыс; - бұл әлеуетті жұмыс берушілер болып табылатын өндіріс өкілдерімен тығыз қарым-қатынас, олардың көпшілігі Институттың Бақылау кеңесінің мүшелері болып табылады; - студенттерді қаржыландырылатын шаруашылық-шарттық жобалар, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттік ғылыми-зерттеу жобалары (гранттық қаржыландыру) шеңберінде зерттеулерді орындауға тарту; - жақын және алыс шетел институттарының туыстық кафедраларымен халықаралық ынтымақтастық; - студенттер контингентін ұлғайту бойынша қарқынды кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу; - бакалавриат түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингі. Барлық білім беру бағдарламаларында МЖМБС, сондай-ақ үлгілік оқу жоспарларына сәйкес кредиттердегі студенттер мен оқытушылардың жүктемелері көрсетілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны мен жүзеге асыру шарттарына, бағалау саясатына және факультет (мектеп)

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Сапа саласындағы саясат»	

		деңгейіндегі басқа да академиялық мәселелерге қатысты шешімдер қабылдайтын Академиялық сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның басшылық, бақылау және үйлестіру функциялары, сондай-ақ білім алушылардың оқу бағдарламалары мен (немесе) пәндер/модульдердің сапасына сәйкестігін, академиялық адалдық қағидаларын бұзу фактілерінің бар-жоғын анықтау мақсатында сауалнама жүргізуді ұйымдастыру функциялары ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментіне жүктеледі. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия қызметтің функционалдық бағытын ескере отырып, қажеттілігіне қарай Институтта құрылады. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамына оқытушылар, студенттер және Институттың басқа академиялық қызметкерлері кіреді. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысына Институттың әкімшілік-басқару персоналының өкілдері қатысады.
10	Мерзімді сыртқы сапаны қамтамасыз ету	Институт тұрақты негізде халықаралық институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу, ҚР ҒЖБ ҒЖБССҚЕК біліктілік талаптарын орындау бойынша профилактикалық тексеру рәсімінен өтеді.

Құжатқа өзгерістер, толықтырулар мен тексерулерді тіркеу парағы

[illegible]